

FinePower

Пайдаланушы нұсқаулығы

**Перфоратор  
FinePower RH0120**

## **Мазмұны**

<b>Сақтық шаралары .....</b>	<b>4</b>
<b>Құрылғының сұлбасы .....</b>	<b>7</b>
<b>Құрылғыны пайдалану .....</b>	<b>8</b>
Жұмысты іске қосу .....	8
Үздіксіз жұмыс .....	8
Жұмыс тәртібін таңдау .....	8
SDS Plus жұмыс құралын пайдалану .....	9
Айналу бағытын өзгерту .....	9
<b>Техникалық қызмет көрсету .....</b>	<b>9</b>
Көмірлі қылшақтар .....	9
<b>Техникалық сипаттамалар .....</b>	<b>10</b>
<b>Жиынтықтамасы .....</b>	<b>10</b>
<b>Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары .....</b>	<b>10</b>
<b>Қосымша ақпарат .....</b>	<b>11</b>

## Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз.

Біз Сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сай әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды қуана ұсынамыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және бұйымды одан ары пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Перфоратор — кірпіште, бетонда, таста, ағашта және металда тесіктерді бұрғылау және ұңғылау үшін пайдаланылатын кәсіби құрылыс құралы.

## Сақтық шаралары


- Қауіпсіздік нұсқаулықтары мен нұсқауларының барлығын оқып шығыңыз. Нұсқаулықтар мен нұсқаулардың бәрін орындамау электр тоғының соғуына, өртке және/немесе ауыр жарақатқа душар етуі мүмкін. Нұсқаулықтар мен нұсқаулардың бәрін келесі пайдалануға арнап сақтаңыз. «Электр құралы» термині қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарда электр желісінен (кабельмен) немесе батареямен (кабельсіз) жұмыс істейтін электр құралына жатады.
- Жұмыс орныңызды таза және жарығын жеткілікті деңгейде ұстаңыз. Ретсіздік пен жарықтың жетіспеуі жазатайым жағдайларға ұшыратуы мүмкін.
- Электр құралын жарылыс қаупі бар ортада, мысалы, жанғыш сұйықтықтары бар, газды немесе шаңды жерде пайдаланбаңыз. Электр құралымен жұмыс істеу кезінде шаңды немесе буды тұтандырып жіберуі мүмкін ұшқындар шығады.
- Электр құралы жұмыс істеп тұрған кезде балалар мен сырттай бақылаушылар қауіпсіз қашықтықта болуға тиіс. Зейіннің алаңдауы құралды бақылаудан айырылуға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Желідегі кернеу техникалық ақпарат тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкес келе ме, әрдайым тексеріп отырыңыз.
- Электр құралының штепсельдері желінің резеткісіне сәйкес келуге тиіс. Штепсельдерді ешбір жағдайда қайта жасамаңыз. Жерге тұйықталған электр құралдарымен қандай да болмасын бейімдегішті бірге пайдаланбаңыз. Түпнұсқалық штепсельдер мен оларға сәйкес резеткілер электр тоғының соғу қаупін азайтады.
- Дененің ашық бөлігін жерге тұйықталған беттерге, мысалы құбырларға, радиаторларға, асүй плитасы мен тоңазытқышқа тигізбеңіз. Дене жерге тұйықталған жағдайда электр тоғының соғу қатері ұлғаяды.
- Электр құралдарын жаңбыр астында немесе ылғалды ортада қалдырмаңыз. Электр құралының ішіне су кірсе, электр тоғының соғу қаупі артады.
- Кабельді дұрыс қолданыңыз. Құралды алып жүру, суыру немесе желінің резеткісінен ажырату үшін ешқашан кабельден ұстамаңыз. Кабельді жылу көздерінен, мұнай өнімдерінен, өткір заттар мен қозғалмалы бөлшектерден аулақта сақтаңыз. Зақымдалған немесе шиеленіскен кабельдер электр тоғының соғу қаупін арттырады.

- Электр құралымен үй-жайдан тыс жерде жұмыс істеген кезде үй-жайдан тыс жерде пайдалануға арналған ұзартқыш баусымды пайдаланыңыз. Үй-жайдан тыс жердегі жұмысқа арналған баусымды пайдалану электр тоғының соғу қаупін азайтады.
- Егер электр құралын ылғалды жағдайда пайдаланудан басқа амал қалмаса, қорғаныстық өшіру құрылғысын (ҚӨҚ) пайдаланыңыз. ҚӨҚ пайдалану электр тоғының соғу қаупін азайтады.
- Электр құралымен жұмыс істеген кезде қырағы болып, іс-әрекеттеріңізді бақылауда ұстаңыз және ақылды басшылыққа алыңыз. Егер шаршасаңыз немесе есірткі құралы, ішімдік не дәрі-дәрмектің әсерінен айықпаған күйде болсаңыз, электр құралын пайдаланбаңыз. Электр құралын пайдалану кезінде қас қағым сәтке зейінді жоғалту ауыр жарақатқа душар етуі мүмкін.
- Жеке қорғаныс құралдарын пайдаланыңыз. Әрдайым қорғаныш көзілдірігін киіп жүріңіз. Тиісті жағдайда қолданылатын шаңға қарсы респиратор, табаны тайғанамайтын аяқ киім, қорғаныш каскасы немесе есту мүшелерін қорғау құралдары сияқты қорғаныс құралдары жарақат алу қаупін азайтады.
- Аппараттың аңдаусызда қосылып кетуіне жол бермеңіз. Желіге қосар алдында ажыратқыштың сөндірулі тұрғанына көз жеткізіңіз. Электр құралдарын саусақпен ажыратқышты басып ұстап алып жүру немесе қосқыш қосулы тұрған ажыратқыш қосулы күйде тұрғанда электр құралдарын желіге жалғау жазатайым жағдайға душар етуі мүмкін.
- Электр құралын қоспас бұрын реттегіш немесе сомын кілттердің барлығын алып тастаңыз. Электр құралының айналмалы бөлігінде қалып қойған кілт жарақат салуы мүмкін.
- Күш салмаңыз. Қашан да орнықтылық пен тепе-теңдікті сақтаңыз. Бұл күтпеген жағдайда электр құралын жақсы басқаруға мүмкіндік береді.
- Сәйкесінше киініңіз. Кең киім кимеңіз және әшекей бұйымдар тақпаңыз. Шашты, киімді және қолғапты қозғалып тұратын бөлшектерден алыс ұстаңыз. Кең киім, әшекей бұйымдар немесе ұзын шаш электр құралының қозғалып тұратын бөлшектерінде тұрып қалуы мүмкін.
- Егер шаңды бұрып, жинайтын құрылғылар қарастырылса, олардың жалғанғанына және тиісінше пайдаланылып жатқанына көз жеткізіңіз. Ондай құрылғыларды пайдалану шаңнан туындайтын қауіпті азайта алады.
- Электр құралына артық күш түсірмеңіз. Электр құралын арналған мақсатына сай пайдаланыңыз. Дұрыс таңдалған құрал өзіне есептелген тәртіпте жұмысты жақсы және сенімді орындайды.
- Ажыратқышы бұзылған электр құралын пайдаланбаңыз. Ажыратқыштың көмегімен басқару мүмкіндігі жоқ кез келген электр құралы қауіпті болып табылады, ол жөнделуге тиіс.
- Электр құралдарын реттеудің, керек-жарағын ауыстырудың немесе сақтауға қоярдың алдында штепсельді қуат көзінен ажыратыңыз. Осындай ескерту сақтық шаралары электр құралының байқаусызда іске қосылу қаупін азайтады.
- Электр құралын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және электр құралымен немесе осы нұсқаулармен таныс емес адамдарға оны пайдалануға рұқсат бермеңіз. Электр құралдары даярлықтан өтпеген пайдаланушылардың қолында қатер тудырады.
- Электр құралдарын жарамды күйде ұстаңыз. Қозғалмалы бөлшектердің жылжып кетуі немесе айқасып қалуы, бөлшектердің зақымдалуы немесе электр құралдарының жұмысына ықпал етуі мүмкін басқа да жағдайдың болмауын қадағалаңыз. Бұзылған жері болса, пайдаланар алдында электр құралын жөндеңіз. Жазатайым жағдайлардың көпшілігі электр құралдарына тиісінше қызмет көрсетілмегеннен болады.

- Кесу құралдарын өткір және таза етіп ұстаңыз. Дұрыс күтім жасалғанда, кесетін жиектері өткір кескіш құралдар аз сыналанады әрі жеңіл басқарылады.
- Осы нұсқаулыққа сәйкес әрі орындалатын жұмыстың шарттары мен сипаты ескерілген және электр құралының нақты түрі белгіленген электр құралын, саймандарын, ұштықтарды және т.с.с. пайдаланыңыз. Электр құралын арналған мақсатына сай пайдаланбау қауіп тудыруы мүмкін.
- Өз электр құралыңызды тек ұқсас ауыстыру бөлшектерін ғана қолданып жөндеу жүргізетін білікті маманға сеніп тапсырыңыз. Бұл электр құралының қауіпсіздігіне кепілдік береді.
- Перфораторды пайдаланған кезде есту мүшелерін қорғайтын құралды және бетті қорғайтын масканы киген жөн. Шудың әсері есту қабілетіне зақым келтіруі мүмкін.
- Жұмыс істеп тұрған электр құралын қараусыз қалдырмаңыз. Құралды толық тоқтағанға дейін қоймаңыз және әрдайым сөндіріңіз.
- Ұзын шаш бас киіммен жабылуға тиіс. Кең киіммен жұмыс істемеңіз.
- Қабырғада жұмыс істеген кезде абай болыңыз. Электр желілерінің, газ немесе су құбырларының зақымдануы қауіпті жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін. Жұмыс аймағында жасырын электр сымдар жүйесі немесе құбырлар бар-жоғын анықтау үшін сәйкес детекторларды пайдаланыңыз.
- Желідегі кернеу құрылғының төлқұжат тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігіне міндетті түрде көз жеткізіңіз.
- Өңделетін дайындаманы бекітіңіз. Қысқыш құралдармен немесе атауызбен ұсталса, дайындама сенімді бекітілгені.
- Ұзартқыш кабельдерді пайдалану. Құралға қуат беруге арналған ұзартқыштарды ғана пайдаланыңыз. Сымның ең кіші қимасы 1,5 мм<sup>2</sup> болуға тиіс. Кабельдік барабандарды пайдаланған кезде кабель қашан да толығымен тарқатылған болуға тиіс.
- Тескішті ауыстырар алдында әрдайым желілік ашаны резеткіден суырып тастаңыз. Назар аударыңыз: тескіштер өте ыстық болуы мүмкін.
- Тескіштер үшкір және жақсы күйде болуға тиіс. Жарылған және сынған тескіштерді бірден ауыстырыңыз.
- Перфоратормен жұмысты байыпты және біркелкі атқарыңыз. Осылайша жазатайым жағдайдың алдын алуға және тескіштер мен перфоратордың қызмет ету мерзімін ұзартуға болады.

**Назар аударыңыз!** Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта ұсынылған немесе кеңес берілгендерден басқа кез келген сайманды немесе айлабұйымды пайдалану жарақат алу қаупін тудыруы мүмкін.

## Құрылғының сұлбасы



1. Іске қосу ажыратқышының батырмасы.
2. Ажыратқышты бекіту батырмасы.
3. Жұмыс тәртіптерін ажыратып-қосқыш.
4. Патрон.
5. Алмалы-салмалы сап.
6. Патронның айналу бағытын ажыратып-қосқыш (реверс).

# Құрылғыны пайдалану


## Жұмысты іске қосу

- Қосу: «Қосу/Өшіру» ажыратқышын басыңыз.
- Өшіру: «Қосу/Өшіру» ажыратқышын жіберіңіз.

## Үздіксіз жұмыс


Бұғаттау батырмасымен бір мезетте жылдамдықты реттейтін іске қосу ажыратқышының батырмасын басыңыз. Үздіксіз тәртіпті сөндіру үшін, іске қосу ажыратқышының батырмасын басыңыз, сосын жіберіңіз.

## Жұмыс тәртібін таңдау




### Соққысыз бұрғылап тесу тәртібі

Металды, ағаш пен пластикті бұрғылап тесуге арналған.



### Соққымен бұрғылап тесу тәртібі

Бетонды және қаланған кірпішті бұрғылап тесуге арналған.



### Ұңғылау тәртібі

Ұсату, ұңғылау және сындыру жұмыстарына арналған. Бұл тәртіпте перфораторды кептеліп қалған бұрғыны алып шығатын тетік ретінде пайдалануға болады.



## SDS Plus жұмыс құралын пайдалану

Бұл құрал SDS plus® патронымен жарақталған.  
Біз тек кәсіби саймандарды ғана пайдалануға кеңес береміз.

1. Саптаманың сағағын тазартыңыз да, майлаңыз.
2. Қашаудың сағағын патронға қондырыңыз.
3. Сағақ оймакілтекке кіру үшін саптаманы басыңыз да, бұраңыз.
4. Жақсылап бекітілгенін тексеру үшін саптаманы тартыңыз.
5. Қашауды алу үшін патронды/патрон муфтасын артқа тартып, оны патроннан алып шығыңыз.

## Айналу бағытын өзгерту

Айналу бағытын құрал жұмыс істемей тұрған кезде өзгертіңіз.  
Құралдың айналу бағытын бағытты ауыстыру батырмасының көмегімен өзгертуге болады.

## Техникалық қызмет көрсету

- Сіздің электр құралыңыз техникалық қызмет аз көрсетіле отырып, ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуге арналған. Дұрыс күтім жасалып, ұдайы тазаланып отырса, құралдың қызмет ету мерзімі мен сенімділігі ұлғаяды.
- Жарақаттанып қалмау үшін, керек-жарақтарды орнатпай және демонтаж жасамай тұрып, баптауды жасау немесе өзгертуден бұрын, сондай-ақ жөндеу жүргізудің алдында құралды өшіріңіз де, оны электр қуат көзінен ажыратыңыз. Шүріппелі ажыратып-қосқыш «ӨШІРУ» күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз. Құралдың аңдаусызда іске қосылуы жарақат алуға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Бұл құралда пайдаланушы қызмет ете алатын элементтер жоқ.

## Көмірлі қылшақтар

- Құралдың электр қозғалтқышында уақыт өте келе тозатын көмірлі қылшақтар қолданылады. Көмірлі қылшақтар тозған жағдайда, оларды ауыстыру үшін мамандандырылған қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.
- Әрбір жұмыстың соңында құралдың корпусы мен желдеткіш саңылауларындағы шаң-тозаңды жұмсақ шүберекпен немесе сулықпен тазалауға кеңес беріледі. Орнығып қалған ластануды сабынды суға дымқылданған жұмсақ шүберекпен кетіруге кеңес беріледі. Ластануды жою үшін бензин, спирт және т.с.с. еріткіштерді пайдалануға болмайды. Еріткіштерді қолдану құралдың корпусына зақым келтіруі мүмкін.
- Құралдың қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін, жөндеу немесе ретке келтіру жұмыстарын мамандандырылған қызмет көрсету орталықтарында жүргізу қажет. Қызмет көрсету орталықтарының мекенжайлары кепілдік талонының келесі бетінде көрсетілген.
- Көмірлі қылшақтар тозған жағдайда электр құралы өздігінен өшіп қалады.

**Назар аударыңыз!** Техникалық қызмет көрсетілер алдында электр құралының электр желісінен ажыратылғанын тексеріңіз.

## Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: RH0120.
- Желінің көрсеткіштері: 220-240 В ~ 50 Гц.
- Қуаты: 650 Вт.
- Айналым: 2000 айн/мин.
- Соққы саны: 6300 соққ/мин.
- Соққының қуаты: 1,8 Дж.
- Сағақ: SDS-plus.
- Кабельдің ұзындығы: 4 м.

## Жиынтықтамасы

- Құрылғы.
- Бұрғымен тесу тереңдігін шектегіш.
- Көмірлі қылшақтар жинағы.
- Алмалы-салмалы сап.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С... 40 °С аралығында дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерде сақталуы тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторланған қызмет көрсету орталығына жүгінген немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Чжэцзян Бэньюй Тулз Ко., Лтд.  
Хайчан тас жолы, 188, Тайчжоу, Чжэцзян пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С,  
Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,  
Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, оның сипаттамалары және жиынтықтылығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбастан өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төменвольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.





# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://finpower.ru/page/dynamic/support/>

**Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған өткізгіштер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



## **Өндірушіге келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кетсе.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықшалар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Бөгде түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізудің іздері бар. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде осы қызметтерді ұсынудың болмауына байланысты оларды жою/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресустарына қолжетімділіктің болмауына әкелген құпиясөздерді (кодтарды) орнатумен, ауыстырумен немесе жоюмен туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректік, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.





